

5-сынып. Олимпиадаға дайындақ.
Санның ондық жазбасы
Үй тапсырмасы

1. Үш таңбалы санға, сол санды тіркеп жазғанда пайда болатын алты таңбалы сан, бастапқы саннан неше есе үлкен болады?
2. $\overline{ab}$ екі таңбалы санның арасына 0 цифрасын қосып жазғанда, жаңа пайда болған сан бастапқы санның үш есе үлкен. Осы санды анықтаңыз.
3. $\overline{1x8}$ түріндегі үш таңбалы сан, өзінің цифрларының қосындысынан 11 есе артық. x мәнін анықтаңыз.
4. Екі таңбалы сан, өзінің цифрларының қосындысынан 5 есе үлкен. Осындай сандардың қосындысын анықтаңыз.
5. Цифрлары әртүрлі үш таңбалы санның цифрларынан құралған алты түрлі екі таңбалы санның қосындысы ең кіші болатындай үш таңбалы санды анықтаңыз.
6. Екі таңбалы санды, өзінің цифрлар қосындысына көбейткенде 814 саны шықты. Осы санды анықтаңыз.
7. Цифрларының екі еселенген қосындысы, цифрларының көбейтіндісіне тең болатын екі таңбалы санды анықтаңыз.
8. Төрт таңбалы санның мыңдығы 7-ге тең. Егер осы цифрды санның соңына апарып қойсақ, онда сан 864-ке азаяды. Осы санды анықтаңыз.
9. $\overline{abcabc}$ түріндегі алты таңбалы сан ешқандай санның квадраты бола алмайтынын дәлелдеңіз.
10. $\overline{abba}$ түріндегі төрт таңбалы сан, қандайда бір натурал санның кубы екені белгілі. Сол санды анықтаңыз.